

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖУРНАЛИСТІК БІЛІМ БЕРУ: АКАДЕМИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ТӘУЕЛСІЗ НАРЫҚТЫҚ БАҒАЛАУ





ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖУРНАЛИСТІК БІЛІМ БЕРУ:

АКАДЕМИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ
ТӘУЕЛСІЗ НАРЫҚТЫҚ БАҒАЛАУ

УДК 070
ББК 76.01
Қ-18

Идея авторы және жоба жетекшісі: Әділ Джалилов
Жоба редакторлары: Маргарита Бочарова, Жұлдыз Әбділда
Дизайн/беттеу: Анастасия Артюхова

Қ-18

Қазақстандағы журналистік білім беру: академиялық бағдарламаларды тәуелсіз нарықтық бағалау. – Алматы: MediaNet Халықаралық журналистика орталығы, 2018. - 78 бет.

ISBN 978-601-7222-11-6

Кітапша Қазақстандағы академиялық журналистік білім беру мәселесіне арналған және журналистика факультеттерінің студенттері мен түлектерінің, бұқаралық ақпарат құралдары редакторларының сұрау нәтижесіне негізделе отырып жазылған. Басылым кәсіби білім алу мәселесіне анализ жасап, жас журналистердің қажетті кәсіби дағдыларды игеруін сараптайды. Сондай-ақ, отандық және шетелдік оқу орындарындағы журналистика бойынша бағдарламаларға тәуелсіз баға беріліп, оларды жақсарту бағытындағы ұсыныстар мен пікірлер айтылған.

Жинақ академиялық қауымдастық өкілдері, журналистер, редакторлар, медиа сарапшылар, мүдделі мемлекеттік орган өкілдері және жалпы көпшілік үшін пайдалы.

Кітапша Конрад Аденауэр атындағы қордың Қазақстандағы Өкілдігінің қаржылай көмек көрсетуімен жарық көрді. Мұнда берілген пікірлер, қорытындылар мен ұсыныстар жоба донорларының және MediaNet Халықаралық журналистика орталығының ұстанымына сәйкес келуі міндетті емес.

ISBN 978-601-7222-11-6

© «MediaNet» ХЖО ҚҚ, 2018
© Конрад Аденауэр атындағы қор, 2018

Басуға 24.10.2018 қол қойылды
Форматы А5. Тегіс қағаз, 90 г/м²
Таралымы 50 дана. Тапсырыс № 1910
"Дом печати "Баспагер" ЖШС баспаханасында басылды.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	6
Академиялық журналистік білім туралы студенттер пікірі	9
Академиялық журналистік білім беру: кәсіби мамандар көзқарасы	15
Академиялық журналистика бағдарламалары: тепе-теңдік, мазмұн мен құрылым	22
«Басы артық» пәндер	23
Жетіспейтін пәндер	26
Модульдердің мазмұны мен құрылымы	28
Шетелдік бағдарламалар анализі: мазмұны, құрылымы, артықшылығы	31
Қорытынды	34
Ұсыныстар	36

КІРІСПЕ

2018 жылдың қазан айында жас журналистер алдында сөйлеген Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев соңғы 15 жылда «журналистиканың кей тұста өткірлігін жоғалтып алғанын немесе керісінше, кей мәселеде артық кетіп жүргенін» айтқан болатын. Ақпарат министрінің бұл сөзін кәсіби орта әртүрлі қабылдады, өйткені медиа саласындағы жағдайдың мұндай болуының себебі тым көп.

Сала мамандары Қазақстандағы бір де бір министрліктің, бір де бір компанияның немесе ұйымдардың «кәсіби білікті журналистер тобынан тұратын пул болуына мүдделі емес» екенін алға тартады.

Практик журналистер мен редакторлардың академиялық журналистік білім беру бағдарламаларына да көңілі толмайды. Академиялық орта жағдайды реттеп, индустрияны сауықтыруы тиіс. Алайда медиа эксперттер қазақстандық жоғары оқу орындары бұл мәселеге бас ауыртпайды деп есептейді.

6 Білім және ғылым министрлігі Қазақстандағы бүгінгі жоғары білім «еңбек нарығындағы талаптарға едел-жедел жауап беруі тиіс» деп, бұл бағыттағы жұмысты бастап та кетті. Осы мақсатта 2018 жылдың жазында парламент пен президент жоғары оқу орындарына академиялық еркіндік беретін, осы реттегі өкілеттігін кеңейтетін заң жобасын қабылдады, енді жоғары оқу орындары оқу бағдарламасының 85%-ына дейін өздігінен жасай алады (бұрын бұл көрсеткіш 65% болған).

Соған қарамастан, осы салада еңбек етіп жүрген кәсіби мамандар реформаға күмәнмен қарайды, атап айтқанда, оқытушы-профессорлар құрамын практик мамандармен жаңартпайынша, реформа жемісті болмайды деп есептейді.

Заң жобасына түзетулер енгізілгеннен кейін Білім министрі Ерлан Сағадиев ЖОО ректорларына диплом иесі жұмыс таба алмаған жағдайда оқу орындарының лицензиясын қайтарып алулары мүмкін екенін ескертті.

«Биылдың өзінде 17 лицензияны қайтарып алдық. Жұмысты күшейте түсеміз. Бұл жоғары оқу орындарының негізгі бағыттар бойынша мамандануына алып келеді», – деді министр мұғалімдердің тамыз конференциясында сөйлеген сөзінде.

Министрлікке бұл міндетті шешуге «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жасаған, жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын сарапқа салған көпфакторлы рейтинг көмектеспек.

Рейтингті жасаған менеджерлер оқу бағдарламасын жасауға жұмыс берушілердің қатысуы, оқытушылар құрамының практик ретінде тәжірибесінің болуы, түлектердің орташа айлық табысы, жұмысқа орналасқан түлектердің үлес салмағы секілді критерийлерді басшылыққа алады.

2018 жылдың шілде айындағы бағдарламаларды бағалау нәтижесіне сүйенсек, болашақ журналистер үшін ең үздік оқу бағдарламасын (мемлекеттік қана емес, жекеменшік оқу орындарының бағдарламасы да бар) М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті ұсынып отыр.

Медиа нарық өкілдері мұндай рейтингтерге жұмыс берушілер мен абитуриенттердің сенімін арттыру үшін бүкіл әлемде мойындалған әдістемеге сүйеніп, сонымен бірге бағалауға халықаралық сарапшыларды тартқан дұрыс деп есептейді.

2018 жылдың қыркүйек айында академиялық журналистік бағдарламаларға тәуелсіз анализ жасалды, оның нәтижесі бойынша қазіргі оқу үлгісінің нарық талаптарына жауап бермейтіні айқын көрінді.

Еліміздің оқу орындарындағы журналистика кафедраларында сабақ беретін оқытушылардың қазіргі медиа нарықтың жағдайы мен ондағы тенденциялар туралы хабары аз, олар ұсынатын оқу бағдарламаларында теория мен практиканың тепе-теңдігі сақталмайды, болашақ журналистердің бір салаға мамандануға мүмкіндігі де, ниеті де бола бермейді.

Бұл кітапшада журфактардың оқу бағдарламасының өзектілігі, мазмұны мен құрылымына қатысты студенттер мен түлектердің және БАҚ редакторларының пікірі жинақталды, сонымен бірге бірқатар академиялық бағдарламаларды алып, олардың жұмыс берушінің, нарықтың және жаңа технологиялардың талабына сәйкестігіне анализ жасалды.

Ақпарат жинау үшін аноним түрінде екі сұрау жүргізілді, оған 12 қазақстандық оқу орнының 34 студенті мен 31 редактор қатысты. Академиялық бағдарламаларға тәуелсіз баға беру үшін медиа нарық мамандарынан тұратын фокус топ құрылды.

MediaNet Халықаралық журналистика орталығы бұл жобаны қолға алғанда журналистика саласындағы академиялық бағдарламалардың рейтингін жасауды көздеген жоқ. «Атамекен» ҰКП жасаған рейтинг Қазақстандағы журналистика саласы бойынша білім беру ісінің өзекті мәселелерін көрсеткенімен, әзірге жоғары оқу орындарына оқу жоспарын жетілдіруге байланысты сапалы ұсыныстар бере алған жоқ.

Ал біз бұл жұмыста ұсынылып отырған бағдарламаларға кәсіби тұрғыдан баға беріп қана қоймай, сонымен бірге академиялық журналистік білім беру саласындағы жаңа үлгіге негіз болатындай тиімді концепция жасауға арнайы ұсыныстар дайындадық.

Академиялық қауымдастыққа ғана емес, Білім және ғылым министрлігіне, Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне, бұқаралық ақпарат құралдарына да ұсыныстар әзірленді. Олардың барлығы да Қазақстандағы академиялық журналистік білім беру үлгісінің медиа нарықтағы заманауи талаптарға жауап берумен қатар, болашақтың талабы мен жаңа тенденцияларға болжам жасай білуіне бағытталған.

MediaNet Халықаралық журналистика орталығы журналистика бойынша білім беру ісін дамытуға 2004 жылдан бері қомақты үлес қосып келеді. Дәл сол жылдары отандық медиа нарықта маман тапшылығы қатты сезіліп, ірі медиа холдингтердің кадрлық монополия орнату қаупі туындаған. Сол тұста бірнеше практик журналист күш біріктіріп, нарықтағы жас мамандарға білгенін үйретіп, тәжірибесімен бөлісуді қолға алған.

- 8 Ал қазір журналистік білім беру мәселесіндегі түйткілді шешу үшін осы салада жүргендердің баршасының басын біріктіргіміз келеді. Біз академиялық жүйеге қарсы емеспіз, бәріміздің істеп жүргеніміз бір нәрсе, тек отандық журналистикаға көп жылдан бері нақты көмек көрсетіп келе жатырмыз деп санаймыз. 14 жылдан бері MediaNet жас журналистерге, БАҚ редакцияларына, студенттер мен ЖОО оқытушыларына арнап тренингтер мен шеберлік сабақтарын өткізіп келеді. Ал бүгін оқу орындарымен бірлесе отырып, академиялық журналистік білім беру мәселесіне тың серпін бере аламыз деп санаймыз.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТІК БІЛІМ ТУРАЛЫ СТУДЕНТТЕР ПІКІРІ

НЕГІЗГІ ТҮЙІН:

- Отандық жоғары оқу орындарында «Журналистика» мамандығында оқитын студенттер мен бітірген түлектер алған білімінің сапасына қанағаттанбайды және олардың тең жартысы жұмыс істеуге қажетті кәсіби дағдыларды білмейді;
- Оқу орындары оқу процесіне мейлінше практик мамандарды тартып, олардың болашақ журналистерге data-журналистика, жарнама, SEO, SMM, программалау, дизайн негіздерін үйретуіне жағдай туғызуы керек;
- Академиялық журналистік білім беру үлгісінің теориялық негізі медиа нарықтағы заманауи даму талаптарына сай қайта қарауды қажет етеді;
- Журналистика факультетін бітірген түлектердің дені қатарластарының жұмыс таппай жүргенін көріп жүрсе де, мамандығы бойынша жұмысқа орналасқысы келеді;
- Жас журналистер жаңа мультимедиялық және интерактив технологиялармен жұмыс істей білу, материалды сапалы жарнамалай алу медиа нарықтағы ең қажетті дағдылар деп есептейді.

9


ҚАЗІРГІ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТІК БІЛІМ БЕРУ ҮЛГІСІНІҢ САПАСЫ

Сұрауға жауап берген студенттердің жартысы отандық жоғары оқу орындарында «Журналистика» мамандығы бойынша оқытылатын пәндердің әдістемесі ескіргенін айтады. Көптеген пәннің «ешқандай өзектілігі жоқ» деп есептейтін түлектер практикалық дағдының жетіспейтінін мойындайды.

Респонденттердің үштен бірі қазіргі академиялық журналистік білім беру бағдарламасы нарықтың талабына толыққанды жауап бермейтінін, сондықтан оны біраз жетілдіру керектігін айтады.

Академиялық білім беру бағдарламасының негізгі көрсеткіші ретінде оқу процесіндегі теория мен практиканың ара-қатынасын айтуға болады. Журналистика факультетінде оқитын студенттер мен бітіруші түлектердің дені теория практикадан басым, ал практика «өте аз немесе мүлдем жоқ» деген пікірде.

Қазіргі академиялық журналистік білім беру үлгісі нарықтың талаптарына жауап береді деп есептейсіз бе?



Студенттер алған білімдерінің сапасын соншалық жоғары деп ойламайды, респонденттердің көпшілігі өздері оқыған университеттердегі оқыту сапасын «3» пен «4»-ке бағалаған.

10 Ал респонденттердің 60%-ы журналистика саласындағы академиялық білім көзқарас еркіндігін дамытуға сеп болмағанын айтқан, олар отандық білім беру жүйесі «сөз бостандығы мен пікір еркіндігін дамытпайды» деп біледі.

Сіздіңше, оқу процесінде теория мен практиканың үлес салмағы қандай?



41.2% Теория практикадан көп

35.3% Теория айтарлықтай көп. Практика аз немесе мүлдем жоқ


14.7% Теория мен практиканың үлесі тең

8.8% Практика теориядан көп

ЖАС ЖУРНАЛИСТЕР МЕҢГЕРУІ ТИІС КӘСІБИ ДАҒДЫЛАР

Көрсетілген кемшіліктерге қарамастан, жоғары оқу орнында білім ала жүріп болашақ журналистер бірқатар кәсіби дағдыларды меңгеріп шыққан. «Жас журналистер қандай дағдыларды меңгеруі тиіс?» деген сауалға жауап берген респонденттер data-журналистика, дизайнерлерге арналған арнайы

Пәндерді оқыту сапасын 5 балдық жүйемен бағалаңыз.



бағдарламалар (Illustrator, Corel Draw, InDesign), инфографика жасау, копирайтинг, SMM, сценарий жазу, дауыс қою, бейнесюжеттерді монтаждау, журналистік этика негіздері сынды дағдыларды айтқан. Сұрауға қатысқандардың бірі «тек қана мақала жаза алатынын, заманауи дағдыларды меңгермегенін» көрсеткен.

Жоғары оқу орнында оқу сөз бостандығы мен пікір еркіндігінің дамуына ықпал ете ме?



61.8% жоқ,

біздің білім беру жүйесінде сөз бостандығы және пікір еркіндігі принциптері үйретілмейді



38.2% иә,

сабақ барысында сөз бостандығы мен пікір еркіндігі жайлы жиі айтылатын

11


Студенттер мен түлектердің біразы журналистиканың теориялық негізін жақсы меңгергендерін айтады. Алайда оқу бағдарламасының теориялық жағына сын айтқандар да кездеседі. Мәселен, респонденттердің бірі: «Шын мәнінде оқу барысында теорияны да жеткілікті дәрежеде меңгердік дей алмаймын. Көбіне Википедиядан алынған мәліметтер немесе ескірген, практикада пайдаланылмайтын жайттар айтылатын», – деп жауап берген.

Сұрауға қатысқандардың қалған бөлігі академиялық білім алу барысында «айтарлықтай ештеңе меңгермегендерін» айтқан. Респонденттердің бірі, мәселен, «Журналистика» мамандығында оқи жүріп «ел алдында сөйлеуді, көркем әңгіме жазуды және кураторлар мен емтихан алушы оқытушылармен дұрыс қарым-қатынаста болуды ғана үйренгенін» айтыпты.

Респонденттердің тағы бірі: «Барлық дағдыны жұмыс істей жүріп үйрендім. Ең негізгі нәрсе – мәтін жазудың өзін білмей шықтым, мұның бәрін өз бетімше үйрендім», – дейді.

Сұрауға қатысқандардың тең жартысына жуығы журналист болу үшін қажетті дағдыларды екі академиялық оқу жылында меңгеріп шығуға болатынына сенімді. Респонденттердің төрттен бірі оқу үш жылдан аспағаны дұрыс деп есептейді.

Сіздіңше, академиялық журналистік білім берудің ең оңтайлы мерзімі қандай?



Сізбен бір топта оқығандардың қаншауы оқуды бітіргеннен кейін мамандығы бойынша жұмысқа орналасты?



ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІН БІТІРГЕН ТҮЛЕКТЕРДІҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ

12 Курстастарының жұмысқа орналасуы туралы сұраққа жауап берген респонденттердің 44%-ы «бірге оқығандардың көпшілігі жұмыс таба алмағандықтан, басқа салаға кетті» дейді. Респонденттердің 15%-ы ғана курстастарының бұқаралық ақпарат құралдарынан жұмыс тапқанын айтқан.


Жұмысқа орналасу көрсеткішінің төмендігіне қарамастан, сұрауға жауап бергендердің 60%-ға жуығы БАҚ саласынан жұмыс тауып, мамандығы бойынша жұмыс істегісі келеді. Ал әрбір жетінші респондент БАҚ саласынан жұмыс тауып та қойғанын айтқан.

Дегенмен, әрбір екінші респондент өзінің кәсіби дайындық деңгейінің мәз емес екенін біледі, ал журналистика мамандығын бітіргендердің көпшілігі ақпарат құралдарында жұмыс істеуге қажетті дағдыларды меңгермеген.

Жалақысы жоғары жұмысқа орналасу үшін қажетті дағдылар қатарында респонденттер жарнама, SEO, сайт жасау, программалау тілін білу, дизайн, data-журналистика, мульти-медиа, фактчек сынды дағдыларды көрсеткен.

Сұрауға қатысқандардың тағы бір тобы оқу орнында коммуникациялық дағдыларды, анализ жасауды, адам психологиясын түсінуді, командамен жұмыс істеуді және қажет болған жағдайда шешен сөйлеуді меңгермегендерін айтқан.

Мамандығыңыз бойынша жұмыс істеуді жоспарлайсыз ба?



АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ҮЛГІСІН РЕФОРМАЛАУ

Сұрауға жауап бергендердің үштен бірі академиялық журналистік білім берудің болашағына үмітпен қарайды: олар университеттердің оқу бағдар-

Алған біліміңізге қанағаттанасыз ба?



ламасының 85%-ына дейін өз бетімен таңдауы болашақта жемісін бермей қоймайды деп есептейді, дәлірек айтқанда, «нарықтың талаптарына жауап беріп, түлектер арасындағы бәсекелестікті арттырады» деп есептейді.

Ал респонденттердің 65%-ы, керісінше, бұл реформаға күмәнмен қарайды. Олар мұндай реформа жемісін беруі үшін «жоғары оқу орындарында сабақ беруге бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс тәжірибесі бар жас мамандар тартылуы тиіс, сонда ғана оң өзгеріс болады» деп есептейді.



Білім және ғылым министрлігінің реформасына сәйкес, жоғары оқу орындары журналистика бойынша оқу бағдарламасын 85%-ға дейін өздігімен жасай алады. Мұндай жаңалыққа қалай қарайсыз?



64.7% Бұл реформа тек жаңа оқытушыларды тартқан уақытта ғана тиімді болады



29.4% Бұл нарықтың талабына жедел үн қосуға мүмкіндік беріп, түлектердің бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттырады



5.9% Реформа журналистік білім беру саласындағы жағдайға ешқандай өзгеріс әкелмейді

Сұрауға жауап бергендердің бұл тобы жастарға заманауи журналистік дағдыларды да осындай мамандар үйрете алады деп біледі. Ал ондай дағдылар қатарында студенттер мен түлектер жаңа мультимедиа/интерактив технологиялармен жұмыс істей білу, медиа менеджмент және медиа сауаттылық сынды дағдыларды айтқан.

«Журналист тек материал жазып қана қоймай, аудиторияны өзіне тарта білуі тиіс, ақпараттарды әлеуметтік желіге сауатты орналастыру жолын білуі керек, шетелдік озық тәжірибені Қазақстан жағдайына бейімдеуді де білуі маңызы», – дейді респонденттердің бірі.

Бұған қоса, сұрауға қатысқандар журналистика факультеттерінде экономика, психология, құқық, логика негіздері мен сыни ойлай білуді де үйретуі керек деп есептейді.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТІК БІЛІМ БЕРУ: КӘСІБИ МАМАНДАР КӨЗҚАРАСЫ


НЕГІЗГІ ТҮЙІН:

- Нарықтың талабына жауап беру үшін жоғары оқу орындары кәсіби практик мамандармен жаңартылуы керек, ондай мамандарды оқу бағдарламасын жасауға және сабақ беруге, бірлескен жобалар жасауға тартуы тиіс;
- Оқытушылар құрамын жаңарту, болашақ журналистерге студент кезінен академиялық оқу шеңберінде мамандануға мүмкіндік жасау маңызды;
- Экономика мен қаржы саласын білетін журналистер жоғары сұранысқа ие;
- Отандық оқу орындарындағы журналистика факультеттерін бітірген түлектердің кәсіби деңгейі қазақстандық ақпарат құралдарының қажеттілігін қанағаттандыра алмайды;
- Жұмысты жаңа бастаған журналистер ең қарапайым мәтінді сауатты жазуды білмейді, ақпарат көздерімен жұмыс істей алмайды;
- Соның салдарынан медиа саласында маман тапшылығы қатты сезіледі;
- Медиа нарықтағы ең қажет деген дағдылар: ақпарат көздерімен жұмыс, сауаттылық, жаза білу, мультимедиялық контент жасау, қоғамдық мәселелер мен саяси жағдайлардан хабардар болу, деректерді тексере білу;
- Медиа бойынша білім беру мерзімін қысқарту керек;
- Журналистік білім беруді реформалауға қатысты ұсыныстарға әзірге бас редакторлар күдік-күмәнмен қарап отыр.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ НАРЫҚТЫҢ ТАЛАБЫ

Қазақстандағы қазіргі академиялық журналистік білім беру бағдарламасы нарықтың талаптарына жауап бере алмайды. Сұрауға қатысқан БАҚ редакторларының жартысынан астамы осылай деп есептейді.

Академиялық журналистік білім берудің қазіргі үлгісі нарықтың талаптарына жауап береді деп есептейсіз бе?




Респонденттердің 45%-ы “қазіргі үлгі нарық талаптарына толық жауап бермейді” деп санайды, олардың ойынша, бағдарлама біраз жетілдіруді қажет етеді.

Бас редакторлар отандық оқу орындарын бітірген түлектермен ұзақ жылдар бойы байланыс орната жүріп осындай қорытындыға келген.

16 Ақпарат құралдарына басшылық етіп отырғандардың 85%-ға жуығы жас журналистердің кәсіби дайындық деңгейі нашар деп есептейді, түлектердің көпшілігі ақпарат құралдарында жұмыс істеуге қажетті негізгі дағдыларды меңгермеген деп санайды.

Өзіңіз әріптес болған жоғары оқу орны түлектерінің кәсіби дайындық деңгейін бағалаңыз



ЗАМАНАУИ ЖУРНАЛИСТІҢ НЕГІЗГІ ДАҒДЫЛАРЫ

Сауалнама нәтижесі журналистика факультетін бітірген түлектердің бойында болуы тиіс ондаған негізгі кәсіби дағдыны анықтауға мүмкіндік берді.

Медиа нарықтың майталмандары жұмысын жаңадан бастаған журналистер үшін ең қажетті дағды ақпарат көздерін іздеу және онымен жұмыс істей алу деп санайды. Соның ішінде ашық дерек көздерімен жұмыс істеу немесе шешім қабылдайтын тұлғалармен байланыс орната білу маңызды деп есеп-

тейді. Сонымен қатар, редакторлар жас журналистердің ойын анық және сауатты жеткізе білуі, яғни сауатты мәтін жаза алуы маңызды деп біледі.

Редакторлар журналистика факультетін бітірген түлектер ақпараттар тасқыны ішінен қажеттісін іріктеп, анализ жасау алуы (мейлінше тез және заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана отырып) керек деп есептейді.

Сонымен қатар, мультимедиа, яғни фото, видео, аудио, инфографика, интерактив форматтарымен жұмыс істей білу маңызды дағды ретінде көрсетілген.

Бұған қоса, редакторлар жас журналистер басқа да бірқатар дағдыларды меңгеруі тиіс деп санайды, атап айтқанда: ақпарат кеңістігінде бағдар жасай білу, еліміздің және әлемнің қоғамдық-саяси өмірінен хабардар болу, қажет болған жағдайда мәселенің өзектілігі мен маңыздылығын сараптап, ақпараттық себепті дұрыс таба білу.

Журналистика факультетінің түлегі бұқаралық ақпарат құралында жұмыс істеу үшін білуі тиіс негізгі кәсіби дағдылар



Қолда бар фактілерді, цифрларды немесе мәлімдемелерді тексеріп, олардың рас-өтірігін анықтау да маңызды дағдылардың қатарында. Түлектер журналистиканың негізгі жанрларын білсе, олардың әрқайсысы бойынша жұмыс принципін білетін болса, бұл да үлкен артықшылық.

Ал жалпы дағдылар қатарында БАҚ жетекшілері эрудиция, білімділік, мотивация, бастамашылдық, сыни және логикалық ойлау, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білу секілді дағдыларды атап көрсеткен.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ МЕРЗІМІ

Респонденттердің үштен бірінен астамы болашақ журналистердің аталған дағдыларды игеру үшін академиялық білім алуына үш жыл жеткілікті деп есептейді.


Сауалнамаға қатысқан редакторлардың тағы бір бөлігі журналистиканың қыр-сырын меңгеруге екі жыл да жетеді деп санайды.

18 Респонденттердің қалған бөлігі алға қойған міндеттерге жауап беру үшін университетте бір жыл оқудың өзі жеткілікті деп біледі, алайда олар интеллектуалдық даму, үнемі өз-өзін жетілдіріп отыру үздіксіз жүруі керек дегенді алға тартады.

Ал редакторлардың бірі “тікелей журналистиканы үйрету үшін, яғни әртүрлі жанрда және форматта материал даярлауды үйрену үшін 3-6 ай да жеткілікті” деген пікірде. Респондент журналистика факультеттерінің түкке қажеті жоқ деп есептейді, өйткені журфакты бітіргеннен кейін де түлектер “мамандануы керек, қосымша білім алуы қажет, бір саланы толық меңгерген маман болуы үшін қосымша курстардан өтуіне тура келеді”.

БАҚ басшыларының 70%-дан астамы қазіргі академиялық журналистік білім беру бағдарламасы төрт жылдан тұрғанымен, осы уақыт аралығында

Сіздіңше, академиялық журналистік білім берудің ең оңтайлы мерзімі қанша уақыт?



бәрібір өздігінен шешім қабылдай алатын, еркін ойлы мамандарды қалыптастыруға ықпал етпейді деп біледі, керісінше, жоғары білім болашақ журналистердің өзіндік цензурасына алып келеді дейді олар.

ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ НАРЫҚТАҒЫ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Жоғарыда айтылған кемшіліктер редакторлардың қандай қорытындыға келеріне де әсер ететіні сөзсіз: отандық медиа нарық кәсіби журналист мамандардың тапшылығын бастан өткеріп отыр, берілген жауаптардың ішінен осы нұсқаны респонденттердің 77%-дан астамы таңдаған екен. Қалған редакторлар белгілі бір салаға маманданған журналистердің тапшылығын қатты сезінетінін айтқан.

Сіздіңше, академиялық білім болашақ журналистердің бойында өзіндік цензураны қалыптастыруға ықпал ете ме?



71.0%

Ықпал етеді



29.0%

Ықпал етпейді

19

Журналистердің белгілі бір салаға мамандануы отандық медиа нарықтағы ең негізгі мәселе, зерттеу кезінде редакторлардың 60%-дан астамы осылай деген. Олардың пікіріне сүйенсек, журналист болып жұмыс істей жүріп кәсіптік білім алу айтарлықтай күрделі, сондықтан академиялық білім беру процесі кезінде-ақ журналист маманданып келуі керек.

DEFICIT

Медиа нарықта кәсіби журналист мамандардың тапшылығы бар ма?

77.4%

Нарық білікті мамандарға зәру

22.6%

Нақты бір салаға маманданған журналистер жетіспейді

Қалған респонденттер керісінше, “бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істей жүріп барлығын үйреніп алуға болады” деп есептейді.

САЛАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАҒА МАМАНДАНҒАН КАДР ТАПШЫЛЫҒЫ

Журналистердің белгілі бір салаға мамандануына қатысты көзқарас пен пікір әралуан болғанымен, нарықтағы профессионалдар мамандандудың қажет екенін жоққа шығармайды. Сондай-ақ, бірінші кезекте керек мамандар қатарында экономика мен қаржы саласын меңгергендерді айтады.

Журналистік білім беру шеңберінде салалық мамандану қажет пе?



61.3% иә

Салалық мамандану өте қажет, өйткені жұмыс процесінде кәсіби білім алу қиын



38.7% жоқ

Барлығын ақпарат құралындағы жұмыс процесінде үйренуге болады

Сонымен бірге, отандық бұқаралық ақпарат құралдарында саясаттану саласынан хабары бар және заң негіздерін жақсы білетін жас журналистерді де жоғары бағалайды.

Респонденттер ақпараттық технология саласынан хабары бар және мультимедиялық контент жасай алатын мамандардың сұранысқа ие екенін де көрсеткен.

Жұмысын жаңа бастаған репортер, редакторлардың пікірінше, тарих, социология, психология және филология ғылымдарын да жетік білгені жөн.

20 “Журналистердің қызметінің өзі кәсіби дилетанттыққа жақын болғандықтан, пәнаралық бағдарламаларды емес, университеттегі гуманитарлық бағдарлама курсы тереңдете оқытқан жөн”, – деп атап көрсетіпті редакторлардың бірі.

Ой-өрісін кеңейту үшін редакторлар болашақ журналистерге әдебиет, архитектура, шешендік өнер, биология, статистика, медицина, математика және халықаралық қатынастар саласына назар аударуды ұсынады.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЕРКІНДІК ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Жоғарыда аталған пәндер Қазақстандағы жоғары оқу орындарының журналистика саласындағы академиялық оқу бағдарламасына дәл қазір кіреді деп айту қиын, дегенмен, қазірдің өзінде университеттерге оқыту мазмұнының 85%-ын өз бетінше жасауға мүмкіндік беріліп отыр.

Редакторлардың азғантай бөлігі, дәлірек айтсақ 16%-ы ғана Білім және ғылым министрлігінің бұл бастамасын оң бағалады.

Бас редакторлардың 77%-ы бұл реформа нәтижелі болу үшін отандық оқу орындарының журналистика факультеттері жаңа оқытушыларды жұмысқа алуы керек деп санайды.

Олардың пікірінше, тек практик оқытушылар ғана академиялық журналистік білім берудің мазмұнын өзгертіп, студенттердің заманауи медиа нарық талаптарын түсінуіне мүмкіндік аша алады.

Журналистер үшін қай салалардағы білім мейлінше қажет?



Білім және ғылым министрлігінің жоғары оқу орындары оқу бағдарламасын 85%-ға дейін өздігімен жасай алады деген реформасына қалай қарайсыз?



77.4% Бұл тек жаңа оқытушыларды тартқан жағдайда ғана жемісін береді



16.1% Бұл нарықтың талабына жедел үн қосуға мүмкіндік беріп, түлектердің бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттырады



6.5% Реформа журналистік білім беру саласындағы жағдайға ешқандай өзгеріс әкелмейді

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА БАҒДАРЛАМАЛАРЫ: ТЕПЕ-ТЕҢДІК, МАЗМҰН МЕН ҚҰРЫЛЫМ

НЕГІЗГІ ТҮЙІН:

- «Журналистика» мамандығы бойында оқу жоспарында лекция сабақтары мен теориялық пәндер көп, сабақты көбіне-көп журналистикада практикалық тәжірибесі жоқ профессорлар береді;
- Отандық оқу орындарының журналистика факультеттерінде Батыстағы оқу орындары секілді пәндерді академиялық және тренерлік деп бөлу керек, сонда практик оқытушыларды көптеп тартуға мүмкіндік болады;
- Қазақстандық оқу орындарындағы журналистерге арналған оқу бағдарламасы әлі күнге дейін «кеңестік» кезеңдегі бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы рөлі деген түсінікке негізделгендіктен, мәтіннің көркем әрі әдеби болуына баса назар аударылады;
- Оқу бағдарламасындағы кейбір пәндер бүгінгідей интернет журналистика дәуірінде өзекті емес және практикалық тұрғыда да ешқандай құндылығы жоқ;
- «Журналистика» мамандығы бойынша оқу жоспарын да, пәнаралық элективті курстарды да күшейту қажет, студенттер алғашқы екі оқу жылында болашақта жұмыс істейтін саласын анықтап алуы керек;
- Оқу процесі кезінде онлайн журналистика, мультимедиа форматтары, әлеуметтік желілер, медиа менеджмент негіздеріне айрықша мән берілуі тиіс;
- Оқу жоспарларының модуль атауы мен олардың мазмұны логикалық жағынан бір-біріне сай болуы тиіс.

Қазақстандық жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасы негізінен бір стандарт бойынша жасалған, аудиториялық сабақтар, кабинетте отырып оқу жүйесі, практика өте аз. Журналистика факультеттеріндегі жағдай да осыған ұқсас: семинарға қарағанда лекция көп, СӨЖ (студенттің өздік жұмысы) студенттің оқытушымен бірге істейтін өздік жұмысынан басым. Оқу орындарының оқу жоспарына анализ жасаған сала мамандары оқытушылардың қатысуымен жүзеге асатын практикалық сабақтардың тым аз екенін

айтады. Сөйте тұра, профессорлардың «шығармашылық лабораториясының» пайдасы шамалы екенін көрсеткен.

Сала мамандары қарастырылып отырған академиялық курстағы кәсіптік пәндердің басым көпшілігінен тәжірибесі жоқ оқытушының сабақ беруі дұрыс емес деп есептейді. «Журналистика факультеттерінің барлығында дерлік оқытушылар құрамының өзгермейтінін байқауға болады, олардың арасында журналистикада практикалық тәжірибесі барлары тіпті сирек. Соған қарамастан жылдан-жылға әртүрлі пәннен сабақ бере береді, олардың кейбірінің атауы әжептәуір заманауи екенін де айта кеткен жөн», – дейді эксперттердің бірі. Осындай оқытушылардың біразы ғаламдық медиадағы жаңа тенденцияларға арналған оқу құралдары мен диссертациялардың авторы болып шыға келетіні тағы бар.

Нәтижесінде, жоғары оқу орнында төрт жыл оқығандар көбінесе медиа саласындағы эксперт, теоретик оқытушы, медиа зерттеуші болып шығады, ал олардың арасында тікелей БАҚ редакциясында жұмыс істеуге дайын практик журналистер сирек кездеседі.

Медиа нарықтағы кәсіби мамандар отандық журналистік білім беру түбірімен өзгеріп, батыстық журналистика мектептерінің үлгісіне көшуі керек деп есептейді. «Батыста оқу пәндері академиялық және тренерлік деп бөлінеді. Академиялық пәндерді PhD дәрежесі бар оқытушылар оқытса, тренерлік, яғни практикалық сабақтарды бұрынғы және қазіргі практик журналистер жүргізеді, олар тәжірибесіне қарай шақырылады. Мұндай мамандардың білім дәрежесі жай ғана бакалавр болуы мүмкін», – дейді БАҚ редакторларының бірі.

Қазақстанда практик оқытушылардың журналистика факультетіне келуіне кедергі келтіретін жайттар жеткілікті, соның ішіндегі негізгілері: міндетті түрде ғылыми дәрежесі болуы керек деген талап, жалақының аздығы, сонымен бірге қағазбастылық пен бюрократия, бұл әсіресе мемлекеттік оқу орындарына тән жағдай. Осы себептен де БАҚ редакторлары мен практик журналистер студенттермен анда-санда бір болатын шеберлік сабақтарында ғана кездеседі, ал оның ықпалы айтарлықтай жоғары болмайды.

«БАСЫ АРТЫҚ» ПӘНДЕР

Медиа саласында жүрген сарапшылар «Журналистика» мамандығы бойынша академиялық оқу бағдарламасының құрылымы көп жағдайда жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлары үшін тиімді болғанымен, нағыз жұмыс берушілер үшін тиімсіз екенін айтады.

Мәселен, кәсіби журналистикамен айналысып жүргендер үшін Қазақстанның қандай да бір аймағындағы журналистиканың тарихын оқытатын курстың қажеті шамалы. Мұндай пәннің мақсаты да түсініксіз, өйткені «аймақтағы газеттердің революцияға дейінгі, кеңестік кезеңдегі және тәуелсіздік кезеңіндегі тарихы ерекше шығар, бірақ журналист үшін түкке керегі жоқ».

Практик журналистер қажеті шамалы пәндердің қатарында «Қазақ журналистикасының тарихы», «Орыс журналистикасының тарихы», «ТМД елдерінің журналистикасы», «Шет елдерде медиа индустрияны дамыту», «Әлемдік журналистика тарихы» секілді пәндерді де атап көрсеткен. «Осы аталған пәндердің бәрін біріктіріп, «Журналистика тарихы» деп қана оқытса және оған бөлінетін сағатты да қысқартса, әлдеқайда пайдалы болар еді», – дейді рецензенттердің бірі.

Эксперттердің тағы бірі әлемдік журналистиканың тарихи негізін оқытудың мүлдем ақылға сыймайтынын айтады. Оның пікірінше, осы пәнді оқуға жұмсаған уақытты халықаралық журналистиканың заманауи аспектілерін, халықаралық қатынастар мен жаһандану процесін оқытуға жұмсаса, әлдеқайда пайдалы болмақ.

24

Отандық жоғары оқу орындары әлем журналистикасының тарихын оқытумен шектелмейді, оқу бағдарламасында «Әлем әдебиетінің тарихы», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ публицистері» деген де пәндер бар. Мамандар мұндай пәндер эрудицияның дамуына ықпал еткенімен, нарық жағдайында оның ешқандай мән-маңызы жоқ екенін айтады.

«Бұл кеңестік журналистика мектебінен қалған сарқыншақ, ол кезде халық «бұқаралық ақпарат құралдары және үгіт-насихат» толқынында өмір сүрді, ол кезде мәнерлеп және әдеби тілмен жазу да маңызды болды. Ал соңғы жиырма жылдағы тренд мұның мүлдем маңызы жоқ екенін көрсетті», – дейді медиа сарапшылардың бірі.

Жоғары оқу орындарының бірі оқу бағдарламасына «Рухани жаңғыру» және «Қазақ халқының рухани мұралары» деген пәнді енгізген екен, бұл да журналистиканың мақсаты мен міндетін әлі күнге дейін «кеңестік» өлшеммен түсінуден туындаса керек. Медиа нарық өкілдері мұндай пәндерді саясаттану және әлеуметтану негіздері шеңберінде оқытуға болатынын, бұлай жеке пән ретінде бөлудің қажеті жоқ екенін айтады.

«Кәсіби қазақ тілі», «Кәсіби бағытталған шет тілі» пәндеріне қатысты да осыны айтуға болады. Сарапшылардың бірі «тілді меңгеру мен оның «кәсіби» жағын оқудың арасында айтарлықтай айырма жоқ екенін» айтады.

Жоғары оқу орындары арасында Қазақстандағы лингвистикалық сауаттылыққа айрықша ден қойып, болашақ журналистерге латын тілін де жеке пән ретінде енгізген оқу орны бар екен.

«Коррупцияға қарсы мәдениет негіздері», «Экология және тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» сынды пәндердің де маңызы зор деуге келмейді. Мамандар бұл пәндерді де қысқартып, құқық негіздерінің шеңберінде оқытуға болатынын айтады.

«Мәдениетаралық коммуникация негіздері» деген пән де сарапшыларды екіұдай пікірге қалдырды. «Егер әңгіме Қазақстан туралы болса, журналистік этика туралы бір курс жеткілікті болар еді. Ал егер әлемдік өзара қарым-қатынас туралы болса, мұндай мәселені оқыту журфактың құзырына жатпайды», – дейді рецензенттердің бірі.

Медиа нарықтағы кәсіби мамандар кей пәндердің бір қарағанда аса қажет болып көрінгенмен, өзектілігі төмен екеніне де назар аударды. «Мәселен, «Газет шығару» деп аталатын курс бар екен. Жаңалықтың бәрі онлайн форматқа көшіп, мерзімді басылымдар саны қысқарып жатқан уақытта төрт жылдан кейін еңбек нарығына шығатын мамандар үшін бұл пәннің өзектілігі қандай?» – дейді сарапшылардың бірі.

Тағы бір сарапшы «Мерзімді басылым» пәнін жеке-дара оқытудың қажеті жоқ екенін айтады, өйткені қазір баспасөз бен онлайн БАҚ арасында айтарлықтай айырма жоқ, олардың айырмашылығы контент тарату тәсілінде ғана. Сондай-ақ, журналистика факультеттерінде «Терім техникасын» оқытудың тіпті де қажеті жоқ.

Практик журналистер мен редакторлар «Жергілікті журналистика», «Жарнама өнері», «Журналист шеберлігі», «Публицистикалық шығармашылық негіздері», «Global журналистика», «Қоғамдық журналистика», «Жазу өнері», «Шетелдік аналитикалық жарияланым табиғаты» сынды пәндердің контент тұрғысынан мүлдем түсініксіз екенін, сондықтан оқу бағдарламасынан да ойланбастан алып тастауға болатынын айтады. Жас журналистер үшін «Деректі фильмдер жасау» деген пәннің де соншалық маңызы жоқ (бұл пәнге бөлінген сағат саны студенттердің медианың дәл осы бағытын терең меңгеруіне бәрібір ешқандай мүмкіндік бермейді).

Эксперттер, сондай-ақ, қарулы қақтығыстар, балалар мәселесі, әлеуметтік немесе экологиялық мәселелерді жариялаумен байланысты бірқатар пәндерді қысқартып, олардың бәрін бір пәнге біріктіріп, ал қалған уақытты осы мәселелерді терең зерттеуге жұмсаса, әлдеқайда пайдалы болар еді деп біледі.

Оқу бағдарламасына анализ жасауға қатысқан мамандардың көпшілігі «әр нәрсе туралы аз-аздан оқытатын, түбінде түк те үйретпейтін пәндердің бәрін қысқартып, соның орнына практикалық сабақтарды көбейту керек» деген пікірде.

Бакалаврдың оқу бағдарламасында кездесетін кемшіліктер «Журналистика» бойынша магистратураның оқу жоспарында да қайталанады.

Магистратураның ғылыми дәрежесін ескере отырып, сарапшылар «Журналистік шығармашылықтың ғылыми-зерттеу аспектілері», «Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарын қалыптастырудың саяси-экономикалық және әлеуметтік аспектілері», «Конвергентті журналистика», «Журналистикадағы ғылыми тақырыптарды зерттеудің жаңа тәсілдері» сияқты пәндерге күмәнмен қарайды. «Журналистік бағыттағы профессорлардың ғылыми лабораториясының не керегі бар? Олар не береді? Олар ғылыми білім де, практикалық дағды да үйретпейді», – дейді сарапшылардың бірі.

ЖЕТІСПЕЙТІН ПӘНДЕР

26 Журналистика бойынша оқу бағдарламасына анализ жасаған мамандар студенттерге «псевдокәсіби» теорияны оқытқаннан гөрі негізгі пәнаралық курстарға көбірек мән берген дұрыс деп есептейді. Оның ішінде гуманитарлық ғылымдар да, жаратылыстану ғылымдары да бар.

Болашақ журналистердің әсіресе бірінші және екінші курстарда өз қалауымен философия, саясаттану, филология, мәдениеттану, экономика, қаржы, менеджмент бойынша лекцияларға қатысатын мүмкіндігі болуы тиіс.

«Экономика және құқықпен байланысты пәндердің қатарын көбейту, соның ішінде қаржы мәселесін тереңдете оқыту оқу бағдарламасын айтарлықтай байытуы мүмкін», – деп есептейді рецензенттердің бірі.

Сарапшылардың тағы бірі қазіргі кезде негізгі пәндер бойынша модульдердің уақыты шектеулі екенін, студенттердің шын мәнінде қызығушылығы бар курстарды оқуға мүмкіндігі аз екенін ескертеді.

Журналистикада оқитын студенттердің арасында тіл меңгергендері көп кездеспейді. Медиа сарапшылар көптілді маман даярлау ісіне айрықша мән берген жөн екенін айтады, соның ішінде болашақ журналистер қазақ, орыс, ағылшын тілдерінен бөлек, таңдаған саласына қарай тағы бір тілді меңгергені жөн деп есептейді.

«Мәселен, Сириядағы бейбіт келісімдерге қатысты материал жазған журналист спикерлердің сөзін ең болмағанда ағылшын тілінен аударса, дұрыс

болар еді. Одан да дұрысы – араб тілінен аудару (Батыс журналистикасында мұндай тәжірибе бар), ал бізде алдымен арабшадан ағылшын тіліне, содан кейін қазақ не орыс тілдеріне аударылады», – дейді кәсіби маман.

Редакторлар мен баспагерлер отандық журналистика факультеттерінде «дискуссиялық бағыттағы тақырыптармен» байланысты пәндер жетіспейтінін айтады. Мұндай пәндер сыни ойлау қабілетін шыңдап, студенттердің күнделікті болып жатқан қандай да бір оқиғаларға қатысты пікірін ашық айтуына мүмкіндік берер еді деп есептейді.

Сала мамандары болашақ журналистердің сыни ойлау тұрғысында ұдайы жұмыс істеуі керек екенін айрықша ескертеді.

Академиялық журналистика бағдарламасында жаңа медиамен байланысты пәндерге де лайықты орын берілмегенін айтқан жөн.

«Мерзімді басылымдардың таралымы қысқарып, онлайн платформаға көшіп жатқан уақытта интернет журналистикаға айрықша мән берілуі тиіс, оның жанрлық аспектілері, материалдарды беру формасы, құқықтық және этикалық мәселелер кеңінен оқытылуы керек. Бүгінгі таңда қазақстандық журналистиканың ең негізгі проблемасы да осында», – дейді пікір білдірген сарапшылардың бірі.

Ал тағы бір сарапшы студенттерге программалаудың негізгі дағдыларын үйрету пәнін оқу бағдарламасына енгізудің кезек күттірмейтін мәселе екенін көрсетіпті.

Сарапшылар әлеуметтік желілерді де назардан тыс қалдыруға болмайтынын айтады. Бас редакторлардың бірі бұл ретте мынадай пікір білдірген: «Әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің қоғамдағы және медиа саласындағы маңызы күннен-күнге артып келеді, оқу бағдарламасында бұл салаға да лайықты орын берілуі тиіс».

Оқу бағдарламасын жасаушылар мен әдіскерлер қазақстандық ақпарат құралдарының баршасы дерлік әлеуметтік желілерде бар екенін, ал мессенджерлер бүгінде аудиториямен байланыс орнатудың негізгі жолы болып отырғанын естен шығармағаны жөн.

Академиялық журналистика бағдарламасына қосылуы тиіс пәндер арасында, сондай-ақ, «Сот журналистикасы», «Зерттеу журналистикасы (белгілі бір саланы зерттеу, эксперттермен жұмыс істеу, саланың экожүйесін және соның ішінде коммуникацияны қалыптастыру)», «Фактчекинг», «Дата журналистика» пәндері бар.

Сала мамандары Қазақстандағы медиа нарықтың өзіндік ерекшеліктерін жақсы білетін мамандардың да тапшы екенін айтады.

Журналистика факультеттері мен кафедралары кәсіби практик мамандарды іздеуге бас қатыруы тиіс. Мұндай мамандар болашақ журналистерге ақпарат құралдарын жобалық басқару, оларды қаржыландыру тәсілдері, түрлі медиа стратегиялар, медиа мен басқа индустрия сегменттерінің өзара әрекеттестігі туралы айтып бере алады деп есептейді. Ал кейбір мамандар мұндай пәндерді журналистикадағы магистр дәрежесін алушылар үшін оқыту керек деп есептейді.

МОДУЛЬДЕРДІҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Медиа мамандары университеттердің оқу жоспарында бір-бірін қайталайтын бірқатар пәндер бар екенін аңғарған. Мәселен, сарапшылардың бірі «БАҚ тілі мен стилі», «Қазіргі журналистиканың жанрлық формалары мен қызметі» пәндерінің бір-біріне ұқсас екенін айтады (әрі бұлардың екеуі де таза теориялық пәндер).

28

«Практик журналист жаңалықтың қалай жазылуы керек екенін, оның сұхбаттан айырмасы қандай екенін, аналитикалық мәтін немесе бағанның принциптік ерекшеліктері қандай екенін түсінсе, соның өзі жеткілікті. Сондықтан мен 300 академиялық сағат уақыт жұмсап, Анатолий Аграновскийдің (кеңестік публицист – ред.) очерктерін оқу артық деп білемін», – дейді эксперт.

Практик журналистер мен редакторлар магистратураның оқу бағдарламасында да қайталау көп екенін айтады. Мәселен, «Қазіргі мерзімді және онлайн журналистиканың өзекті мәселелері» деген пәнді «Қазақстандағы қазіргі теле және радиожурналистиканың өзекті мәселелері» деген пәнмен біріктіруге болар еді. «Электрондық БАҚ аудиториясын зерттеу», «Медиа технологиялар» деген пәндерді ойланбастан қазіргі электрондық БАҚ менеджментін оқытатын курсқа қосып жіберуге болады.

Сала мамандары «Қазақстандағы баспа ісі», «Газет, журнал, телебағдарлама шығару», «Телерадиожурналистика», «Журналист сөзінің мәдениеті» деген пәндерді де қайта қарастырған жөн деп есептейді.

Мамандар осы көрсетілген пәндерге бөлінген сағатты қысқартып, оның орнына негізгі уақытта монтаж, түсірілім, кадрды түсіну, монтаж жасауға дайындау, кадрде немесе эфирде жұмыс істеу сынды дағдыларды үйреткен тиімді деп біледі.

Нарықтағы кәсіби мамандар «Телевизиялық бағдарлама дайындаудың технологиясы», «Радио бағдарлама дайындаудың технологиясы» деген курстардың да тым теориялық бағытта екенін айтады. Мұның орнына болашақ

журналистерге «Телерепортаж жасау», «Телетүсірілім», «Телемонтаж» деген практикалық курстарды оқытса, әлдеқайда тиімді болар еді деп есептейді.

Сонымен бірге, редакторлар оқу бағдарламасындағы кей пәндерді журналистикада ешқандай тәжірибесі жоқ студенттерге оқытудың қисынсыз екенін айтады, мәселен, медиа менеджмент, медиа дизайн және конвергентті/мультимедиялық журналистика туралы оқу үшін студенттердің аз да болса тәжірибесі болуы маңызды.

«Менеджмент курсы, мәселен, адамдарды басқарып көрген немесе аз да болса, процеске жетекшілік жасаған тәжірибесі бар студент жақсырақ түсінуі мүмкін», – деп түсіндіреді сарапшылардың бірі.

Нақты бір медиаға бағытталған дизайнерлік жұмыспен айналысу үшін студент базалық бағдарламаларды білуі керек, ал мультимедианы «телевидениеде және мерзімді баспасөзде жұмыс тәжірибесі бар адам жақсырақ түсінеді».

Сала мамандары академиялық журналистік білім беру бағдарламасы құрамындағы модульдердің құрылымын жетілдіру керектігіне де тоқталған. «Бір модульдің шеңберінде оқытылуы тиіс кей пәндер, неге екені белгісіз, әртүрлі модульде шашырап жүр», – дейді рецензенттер. Олар, сонымен бірге, пәндерді оқытудың реті де түсініксіз екенін айтады.

Университеттердің бірінде «Интервью» және «Зерттеу журналистикасы» деген пәндер «Журналистиканың теориясы мен қызметі» курсында оқытылса, «Спорт журналистикасы» «Әдебиет пен журналистиканың тарихы» ішінде оқытылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы басқарушылық құзыреті модулі бір-бірінен мүлдем алшақ пәндерден тұрады, мәселен: «Құқықтық журналистика негіздері», «Заңнамалық этика және БАҚ», «Журналистикадағы менеджмент пен маркетинг».

Заманауи технологиялар және БАҚ экономикасы модулінде «Экономикалық журналистика және PR» деген пәннің қайдан адасып жүргені белгісіз (бұлардың мазмұны да бір-бірінен алшақ).

Журналистердің практикалық дағдысы мен құзыретін жетілдіру модулі бір-біріне мүлдем үйлеспейтін пәндерден тұрады екен. Атап айтсақ: «PR заманауи технологиялары», «Заманауи медиа технологиялар», «Масс-коммуникация және халықаралық қатынастар», «Халықаралық журналистика», «Бұқаралық ақпарат құралдарындағы әдеби-көркем сын», «Журналистика психологиясы», «Журналистердің кәсіби этикасы».

«Журналистің арнайы білімі» модуліне қатысты да осыны айтуға болады, жоғары оқу орындарының бірі бұл модульге «Журналистің имиджі мен этикасы», «Журналистің кәсіби сөзінің мәдениеті», «Журналистиканың құқықтық негіздері», «Мультимедиалық журналистика» пәндерін біріктіріп жіберіпті.

Мамандар жоғары оқу орындарының әдіскерлеріне мультимедиалық журналистика мен интернет журналистиканы жеке-жеке үлкен модуль ету керек деген кеңес айтады («электронды журналистика» деген тіркесті мүлдем алып тастау керек).

Фотография өнері де оқу бағдарламасынан жеке орын алуға лайықты, қазір ол «Журналистика тарихымен» бір қатарда тұр. Ал «Жарияланым» модулінде міндетті түрде «Дизайн» курсы болуы керек.

«Жарияланым, жарнама және коммуникация», «Қоғаммен байланыс» және «Маркетинг» пәндері «Баспасөз, телевидение, радиожурналистика және өнім жасау» модулінен шығарылып, «PR және жарнама» деген жеке модульге қосылуы керек. Құқықтық пәндер мен фактчекингті де мүмкіндігінше жеке модульге топтастырған дұрыс.

30

P.S. Сала мамандарының оқу бағдарламасына анализ жасауы негізінен ой-пікірге құрылғанын ескертеміз, өйткені олардың сабаққа қатысып, тапсырманы, контентті, оқытудың стилі мен сапасын, оқытушыларды және олардың тәжірибесін, олардың оқыту әдістемесін бағалайтын мүмкіндігі болған жоқ. Рецензенттер негізінен нарықтық және технологиялық тенденциялар тұрғысынан ой-пікірлерін айтты. Сонымен бірге, журналистика факультеттерінің жүйесін, жеке тәжірибесін және жоғары оқу орындары ұсынған ақпаратты ғана басшылыққа алды.

ШЕТЕЛДІК БАҒДАРЛАМАЛАР АНАЛИЗІ: МАЗМҰНЫ, ҚҰРЫЛЫМЫ, АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

НЕГІЗГІ ТҮЙІН:

- Батыс университеттері журналистерді оқыту кезінде олардың таңдаған саласы аясында практикалық дағдыларды меңгертуге ден қояды;
- Қазақстандық оқу орындары оқуға түсетін абитуриенттерге шетелдік университеттер сияқты талаптар қоюы тиіс, соның ішінде тілдік сауаттылықты талап етуі керек;
- Посткеңестік кеңістіктегі академиялық журналистік білім берудің сапасына қатысты ортақ сипаттың бірі – теорияның практикадан басым болуы;
- Еліміздің журналистика факультеттері заманауи медиа технологияларға қатысты пәндерді оқытуда әдістемелік негіз ретінде шетелдік оқу құралдарын пайдаланғаны дұрыс (бұл оқу процесінде ағылшын тілін кеңінен пайдалануға да ықпал етеді);
- Тар шеңберде маманданған журналист магистрлер даярлау үлгісі әзірге қазақстандық медиа нарықтың талаптарына сәйкес келмейді.

31

Шолу және талдау үшін Лондон қалалық университетінің, Колумбия университетінің (Нью-Йорк) және М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика бағдарламалары алынды.

Британия университетінің студенттері төрт жылдық оқу курсының алғашқы жылында академиялық теориялық пәндерді оқиды, оқытушылар оларды журналистика тарихымен, оның мақсатымен және қызметімен таныстырып, жаңа медиа туралы түсіндіріп, түрлі форматтағы контент жасауды үйретеді.

Екінші курсқа өткеннен кейін болашақ журналистер белгілі бір салаға мамандана бастайды: визуалды журналистика, дата журналистика, әлеуметтік коммуникация, спорт журналистикасы немесе саяси журналистика.

Үшінші курс таңдаған саласына байланысты практикалық дағдыларды меңгеруге арналады. Бұл кезеңде студенттер өздерінің медиа жобаларын жасауды үйренеді. Болашақ журналистер мәтін жазып, видео жобалар жасап қана қоймай, заңнамадан бастап, сән әлеміндегі тенденцияларға дейінгі түрлі тақырыпты қамтиды.

Журналистік білім берудің британдық үлгісі батыстық оқу бағдарламалары-

ның нарықтың талабына сай құрылатынының дәлелі іспетті. Қазақстандық оқу бағдарламаларының дені жұмыс берушінің талап-тілегіне жауап беруді ең соңғы кезекке қояды.

Сарапшылардың пікірінше, еліміздің медиа нарығындағы тағы бір түйткіл мемлекеттік тапсырыспен байланысты, мамандар бұл жастардың бірегей контент жасауына айтарлықтай кедергі келтіреді деп есептейді.

«Студенттерді батыстық үлгімен оқытсақ, олар алған білімін өздерінің медиа жобаларын жасауға жұмсай алады, алайда, ол жобаларын қазақстандық медиа нарықта таратуы неғайбыл», – деп есептейді кәсіби мамандардың бірі.

Қазіргі медиа нарық журналистика факультеттерінен оқу бағдарламасын өзгертуді талап етіп отыр, болашақ журналистерге университетте өнімді коммерцияландырудың тетіктері үйретілуі тиіс, атап айтқанда: кәсіпкерлік, маркетинг, бизнес процестер, бюджет, жобалар мен стартаптарға жетекшілік ету курстары өтуі тиіс.

32

Британдық жүйенің тағы бір артықшылығы, оқуға түсердің алдында-ақ абитуриенттерге белгілі бір талаптар қояды, мәселен, бакалаврға түскісі келетін жастар математикадан және ағылшын тілінен орташадан жоғары балл алуы тиіс.

Еліміздің медиа нарығында жұмыс істейтін мамандар мұндай талаптардың бізге де қажет екенін айтады. «Студенттердің қазақ тілінен сауатының төмен болуы салдарынан бірінші курстың өзінде қарапайым мақала жазуда өздерін көрсете алмайды. Сондықтан абитуриенттер жоғары оқу орнына түсу үшін шығармашылық емтиханға қоса қазақ тілінен арнайы тест тапсырғаны дұрыс болар еді», – дейді медиа сарапшылардың бірі.

Маман студенттің сауаты жеткілікті деңгейде болмағаннан кейін мақала жазуды, жанрларды меңгеруді, деректерді визуалдауды үйрету де қиынға соғатынын айтады.

Колумбия университетінің студенттері магистратурада оқи жүріп, негізгі уақытын практикалық дағдыларды меңгеруге жұмсайды екен. Олардың түрлі тақырыптағы курстар мен оқытушыларды таңдау еркі бар, көңілі қалаған кез келген курсты таңдай алады (жеңіл өнеркәсіптен бастап, зерттеу журналистикасына дейінгі тақырыптар).

Медиа нарықтағы кәсіби мамандар біздің нарық бұлайша тереңдей мамандануды әзірге қажет етпейтінін, сондықтан «магистратурада зерттеу үлгілерін, коммуникация тәсілдерін және дайын кейстермен жұмыс істеуді үйреткен дұрыс» деп есептейді.

М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің «Журналистика» бойынша оқу бағдарламасы қазақстандық оқу бағдарламасына ұқ-

сас, мұнда да теория практикадан басым. Эксперт оқу бағдарламасында журналистерді мультимедиа форматында жұмыс істеуге және интернет аудиторияға анализ жасауға үйрететін ешқандай пән жоқ екенін айтады.

Соның салдарынан, студенттер қарапайым бағдарламаларды кодтау, инфографика жасау, өздерінің материалдарын сайтқа орналастыру, дыбыс пен видеоны монтаждау, қарапайым редакторларда фотографияны өңдеу секілді дағдыларды білмей шығатынын алға тартады. Сондай-ақ, оқу бағдарламасында болашақ журналистерге митингілер мен шерулерде өздерін қалай ұстауды және құқықтарын қорғауды (соның ішінде сот отырыстарында) үйрететін пәндер жоқ.

Есесіне, Мәскеу мемлекеттік университетінде «Бұқаралық ақпарат құралдарындағы христиандық идеялары мен образдары» деген пән бар. «Журналистика да мемлекет сияқты діннен тыс болуы тиіс. Оның орнына журналистерге дінтану негіздерін оқыту өзекті әрі маңызды деп ойлаймын», – дейді сарапшылардың бірі.

Жалпы алғанда, сұрауға жауап берген редакторлар мен журналистердің барлығы да журналистиканы ғылым емес деп есептейді, журфакта қандай да бір саланы терең біліп шығу да мүмкін емес екенін айтады.

33

«Экономиканы жазғысы келе ме, экономика факультетіне барсын. Содан кейін нақты тақырыптар бойынша шеберлік сабақтарынан өтуге болады. Мұндай форматта студенттер тақырып іздеу, спикерлермен қарым-қатынас орнату, материал жазу, монтаж жасау секілді дағдыларды меңгеруі тиіс», – дей келе, эксперт болашақ журналистердің тақырып таба білуіне де айрықша назар аудару керектігін білдіреді.

Сала мамандары болашақ журналистерді бағалау жүйесі де реформалауды қажет етеді деп есептейді. Мамандардың пікірінше, бағалау арқылы тәжірибелі оқытушы студентке дұрыс бағыт-бағдар беруі керек (мәселен, медиа жобасын қалай жақсартуға болатынын ұсынуы керек), бағалауда арнайы форманың болғаны дұрыс.

Жаңа технологияның жылдам дамуы контентті соған лайықтаудың қажеттілігін арттырады, сол себепті цифрлық сауаттылықты меңгеру үшін журналистика факультетінің студенттері программа жазудың негіздерін біліп қана қоймай, статистикамен де жұмыс істей алуы тиіс.

Технологияның даму қарқынына оқу-әдістемелік құралдарды жаңарту ілесе алмауы салдарынан қазақстандық оқу орындарында жаңа медиаға қатысты оқулықтардың жетіспеуі байқалады. Сарапшылар бұл мәселені шешудің бір жолы ретінде кей пәндерді ағылшын тілінде оқытып, заманауи батыстық оқу материалдарын басшылыққа алған дұрыс деп біледі. Бұл болашақ журналистер үшін ағылшын тілін білудің маңыздылығын да арттыра түспек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғары білім беру бағдарламаларының сапасына қойылатын талапты күшейту ғаламдық медиа нарықтың қарқынды дамуына және Қазақстанның болашақта дамыған елдердің қатарына қосылуға ниеттенуіне орай туындап отыр.

Ал отандық медиа сала мамандары еліміздің жоғары оқу орындары қандай «бесаспап» маман даярлап шығарғанымен де, олардың күш-қуатын орнымен жұмсайтындай орынды қазіргі нарық ұсына алмайды дегенді айтады.

Практик мамандардың пікірінше, медиа индустрия ғана журналистік білім беру жүйесіндегі реформаның шынайы қозғаушы күші бола алады, оның өзінде де нарықтың талаптарына сай қызмет ететін болса ғана.

Сала мамандарының бірі: «Біз журналистерді белгілі бір жобаларға сай дайындаймыз, ал негізінде алдымен табысты, тиімді әрі пайдалы жобалардың өзін жасап алу керек. Мұнымен ешкім айналыспайды. Олай болса, «журналистер қайда баруы керек?» деген заңды сұрақ туындайды», – дейді.

34

Мәселені шешудің ықтимал жолдарының бірі – болашақ журналистерге контент жасау дағдысын үйретумен шектелмей, сол контентті әрі қарай дамытып, коммерцияландыру тәсілдерін үйрету. Әзірге редакция жетекшілері инвестиция іздеуге бас қатырмайды, крауфандинг пен фандрайзингтің қалай жұмыс істейтінін де білмейді.

Бүгінде отандық БАҚ-тың негізгі қаржы көзі екеу-ақ: не жарнама берушілерден түседі, не мемлекеттік тапсырыс шеңберінде мемлекеттік органдар береді. «Біреуі қысқарып келеді, ал екіншісі қысып барады», – дейді бұл тәсіл жөнінде пікір білдірген медиа мамандардың бірі.

Қаржы көзінің мұндай тұрақсыздығы медиа саласына қаржы жетіспеуіне әкеліп соғады, соның салдарынан жалақы деңгейі төмендейді.

Сұрауға жауап берген редакторлар мен журналистер бұқаралық ақпарат құралдарына берілетін мемлекеттік тапсырысты жою керек деп есептейді, сонда бос қаржы өз-өзінен нарыққа келеді деп біледі.

«Нарыққа сай жағдай жасалса, ақпарат құралдарының оған тез-ақ икемделетініне сенімдімін», – дейді журналистердің бірі. Әзірге бұқаралық ақпарат құралдарының табыс деңгейінің аз болуы қазақстандық журналистиканың деңгейі де соған сай екенін көрсетеді. Журналистикада табысты болғысы келетін маман бастапқы кезеңде ең болмаса мәтін жазуды, дұрыс сөйлеуді

және қажет болған жағдайда микрофон ұстауды білуі керек дейді мамандар.

Қазақстандағы журналистика факультеттері бірегей білім бере алып отырған жоқ деген қорытынды жасауға болады. Журфак талантты жастарды жұмыспен қамтудан гөрі жоғары білімі бар деген диплом беретін орынға көбірек ұқсап барады. Сондай-ақ, ҰБТ-дан төмен балл алып қалған түлектер бір жыл уақытын жоғалтпау үшін де шығармашылық емтихан арқылы ұпай алып, журфак студенті атануға тырысатынын айтқан жөн.

Журналист дипломы мемлекеттік тапсырыспен жұмыс істегісі келетіндерге де тиімді болып отыр, тендер жүйесі бойынша, қатысушылардан көп жағдайда салалық білімді талап ету жағдайлары кездеседі.

Медиа сарапшылардың біразы осының барлығын ескере келіп, Білім және ғылым министріне журналистика факультеттерінің жартысын жауып тастауды ұсынады, осылайша нарықтағы ұсынысты шектеуге болады дейді мамандар. Ал мамандардың тағы біразы журналистік білім беру бағдарламалары сәтсіз оқу орындары жоғарғы жақтың нұсқауынсыз-ақ кафедраларын жабады деп есептейді.

ҰСЫНЫСТАР

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА

- Бағдарламада тек журналистика саласында ғана емес, кез келген ақпараттық-аналитикалық қызметте қажет болатын дағдыларды берумен байланысты пәндер санын көбейту
- Бағдарламада құқықтық және экономикалық сипаттағы пәндердің үлес салмағын арттыру, бұл ретте журналистика факультетінің бұрынғыдай филологияға жақындығын мейлінше азайту
- Сыни ойлауды дамытуға айрықша назар аудару, журналистикада оқитын студенттерді түрлі саяси қозғалыстар мен ұйымдардың жұмысына тартуды доғару
- Болашақ журналистерге қосымша шет тілін үйрету (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінен бөлек); шетелде тәжірибеден өту мүмкіндігін қарастыру
- Оқыту бағдарламасын қазақстандық және халықаралық медиа қауымдастықтағы практикалық журналистика кейстеріне негіздей отырып құру
- Облыстық және республикалық БАҚ жетекшілеріне эксперттік сұрау жіберіп, оқу бағдарламасының еңбек нарығының талаптарына қаншалықты сәйкес келетінін анықтау
- Қазіргі оқу бағдарламасының өзектілігі мен нақтылығына анализ жасап, мұндай талапқа жауап бермеген жағдайда оқу жоспарынан алып тастау; босаған сағаттарды практикалық сабақтарға беру
- Болашақ журналистердің екінші/үшінші курстан бастап өздері таңдаған бағыт бойынша тереңірек білім алуына жол ашу мақсатында оқу бағдарламасына студенттің таңдауымен кәсіптік пәндер қосу
- Журналистикада оқитын студенттерге пәндерді және оқытушыларды таңдауда шынайы бостандық беру; студенттердің іргелі академиялық пәндер бойынша лекцияларға еркін қатысуына мүмкіндік жасау
- Журналистердің оқу бағдарламасын жасау кезінде нарықта жұмыс істеп отырған БАҚ ұсынып отырған нақты сұраныс пен талапқа сай ғана қабылдауды қамтамасыз ету

- Студенттерге алғашқы оқу жылынан бастап тікелей БАҚ редакциясында (еңбегіне белгілі дәрежеде ақы алатын дуальді әдіс) немесе кафедра жанынан құрылған медиа лабораторияда кәсіби дайындық бойынша практикадан өту мүмкіндігін қарастыру (оқу мазмұнының 50%-ынан кем болмауы керек)
- Студенттерге түрлі бағыттағы контент жасау бойынша машықтану үшін арнайы аудиториялар жасақтау
- Кәсіптік пәндер бойынша студенттердің білімін тексеруді нақты жасалған журналистік жұмыстың (мақала, сюжет, подкаст және т.б.) нәтижесі негізінде бағалау; студенттердің өзіндік жұмыстарын орындау мен бағалауға келгенде қалыптасқан тәсілге сүйенбеу
- Сабақ беруге және оқу материалдарын жасауға заманауи редакцияларда кемінде 4 жылдық еңбек өтілі бар жергілікті және шетелдік практик мамандарды тарту; сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыста жұмыс істеген жергілікті және шетелдік түрлі сала мамандарын тарту;
- Студенттердің стажировкадан өту мүмкіндігі шектеулі болған жағдайда мемлекеттік мекемелер мен жекеменшік арасындағы әріптестік механизмін пайдалана отырып, ортақ медиа және бизнес жобалар жасау үшін жекеменшік басылымдармен және медиа холдингтермен әріптестікті жолға қою
- Салада болып жатқан өзгерістерге сәйкес жыл сайын оқу-әдістемелік кешенді жаңартып отыру
- Жоғары оқу орнында сабақ беруге қызықтыру, журналистика факультеттері мен кафедраларында жалақы мөлшерін көтеру, бюрократизмді азайту
- Журналистика факультетінің оқытушыларын жыл сайын кәсіби біліктілігін арттыруға және оны тиісті деңгейде дәлелдеуге міндеттеу немесе тәуелсіз комиссияның алдында қайта аттестациядан өтуді талап ету
- Журналистиканы бірнеше мамандықтан тұратын кафедра құрамынан шығарып, «Медиа және коммуникациялар» деген жеке кафедра құру
- Тұрақты түрде еліміздегі журфак декандары мен әдіскерлерінің бағыстық журналистика мектептерінде тәжірибе алмасуын ұйымдастыру

БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНЕ

- Академиялық журналистік білім беру мерзімін оңтайландыру мүмкіндігін қарастыру
- Жоғары оқу орындары жанындағы тәуелсіз журналистика мектебі ретінде (Батыс университеттері үлгісінде) қайта құру мақсатымен журналистика факультеттерін тарату мүмкіндігін қарастыру немесе іргелі білім беру факультеттерінде тиісті деңгейде мамандануды енгізу
- «Журналистика» мамандығы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын жою мүмкіндігін қарастыру
- Журналистика факультеттерінде сабақ беретін оқытушылардың академиялық немесе ғылыми дәрежесі болуын міндеттейтін талапты жою мүмкіндігін қарастыру

38 АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛАР МИНИСТРЛІГІНЕ

- Академиялық журналистік білім беруді дамыту үшін салалық бағдарлама жасау және қабылдау мәселесін қарастыру
- Журналистер дайындайтын оқу орындарының басшылары, жұмыс берушілер және басқа да мүдделі топтар арасында тұрақты түрде бірлесе әрекет ету және тәжірибе алмасу мақсатында ортақ платформа қалыптастыру

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНА

- Журналистика факультеті студенттерінің практикадан өтуін қамтамасыз ету
- Академиялық білім беру базасында бірлескен журналистика мектептерін немесе тым болмағанда тұрақты тренинг, шеберлік сабақтарын өткізетін алаң құру (соның ішінде оқытушылар үшін де) мәселесін және бірлескен медиа жобаларды жүзеге асыруды қарастыру

MediaNet Халықаралық журналистика орталығы академиялық журналистік бағдарламаларға анализ жасауға қатысқан барлық редакторларға, журналистерге, медиа ұйымдардың өкілдеріне алғыс айта отырып, еліміздегі журналистика бойынша академиялық білім беру ісін реформалау процесіне барынша пайдалы әрі ауқымды үлес қосуға дайын екенін білдіреді.